



Күйдірілген кірпіш фрагменті

### «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ БІРІ – ЖАМАНШЫҢ МЕТЕОРИТТИК КРАТЕРІ»

Смадиярова А.Ж.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kidralieva\\_a.b@mail.ru](mailto:kidralieva_a.b@mail.ru)

Қарағанды қ.

Қазіргі кеңістік өрісі мен уақыт ағымы ештеңеге қарамай зырғып бара жатқан уақытта халықтың тарихы, мәдениеті мен рухани байлығы жастардың назарынан тыс қалып отырғаны ақиқат. Әсіресе мына жаһандану заманында әр халықтың тарихи-мәдени ерекшелігін айқындауы халықтың өзіндік болмысын сақтауға, ұлттық құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеуге көмектеседі. Демек, мұралар өткен дәуірдің тәжірибесі мен білімін сақтай отырып келер ұрпаққа өмірлік сабақтар береді. Мәдениет ұғымының қазіргі өркениет үшін алар орны күннен күнге өсуде. Мұның бірден-бір себебі жастар арасында нақтылық, тұрақтылық пен тарихи білімге деген қызығушылық, ұлттық сананы оятуға бағыттталып жатқан іс-шаралардың нәтижесі деп білуге болады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай: “Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет”. Шынында, той қуалайтын емес ой қуалайтын заманға бетпе-бет келген мына біздер үшін тарихтың терең қатпарларына қайта бойлап, өткенге көз жүгіртіп отыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл қажеттілікті толық қанағаттандыра алатындай қазірде тәуелсіз, ел өткеніне еріксіз көз жүгірте алатын кезге де жеттік. Әр қазақ кез-келген қоғамда ұлттық мақтанш сезімін оятып, өз туған жерімен мақтана алатындай мүмкіндігі бар.

Алайда батыстан соққан лептен бе, жаңа стильден бе белгісіз жастарымыздың көзі шекарамыздан асып басқа елдің тарихына, мәдениетіне түсуде. Бұл үрдіс түбі мәдениеттердің араласпайтынына не ақыры жер бетінде тек белгілі бір өркениет өкілдерінің ғана қалуына әкелемейтініне ешкім кепіл бола алмайды. Себебі жастардың тек басқа елдің тарихи-мәдени өміріне тек қызығушылық танытып қана қоймай, сол идеямен өмір сүруі біздің қоғам үшін дабыл қақтырарлық жағдай екені белгілі. Ағаш бұтақтары тармақталған сайын оның өміршеңдігі қысқара түседі. Өйткені ағаш биік болып тармақталған сайын оған қорек жеткізу қиынға соғады. Дәл сол секілді өскелең ұрпақтың да жан-жаққа шашылған өмірлік көзқарастарын бір жерге түйістіріп, бір “тарих тамырына” байлау қажет. Осы мақсатта мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар халыққа жол тартуда. Ұлттық мүдде үшін мүмкін болған бар нәрсені жасау арқылы қоғамның бұл дертіне барынша қарсы тұрудамыз. Күннен-күнге “жаһандану” мен “ұлттық код” ұғымдары қатар келіп қалатын сәттер аз емес. Алайда дәл сол уақытта жастардың дұрыс бағытты таңдауына жағдай жасау арқылы ел ертеңіне үлкен үмітпен қарамақпыз.

Бұл мәселені мәдени-тарихи өркениеттер айналасында қарарстырар болсақ, жастардың басқа елдің мәдениетіне емес өз еліміздің өткеніне қызықтыру мәселесі жатқаны белгілі. Бар әлемнің сұлулығына татитын Алатаудың биік бөктері, самал желі төске ескен Сарыарқаның ұлы даласы, Арқаның кербез сұлу Көкшетауы мен Оқжетпесі, иесі мен киесі бар, табиғатына құт қонған Баянауыл, бәрі-бәрі -қойнауында сан жылдық тарихы бар кеше мен бүгінді байланыстыратын киелі жерлер. Бірақ бұл жерлердің сырымен қосып, жырын да жатқа білетін жас ұрпақ саусақпен санарлық. Демек алдағы мақсат-туған жердің тылсым сырларын, тамыры тереңге тартылған тарихын қайта ашып, болашақ ұрпақтың санасына сіңіру. Сондай жерлердің бірі әрі бірегейі ел аумағында орналасқан сонау ғарыштың жердегі іздеріне айналған кратерлерін айтсақ болады. Қазақстан аумағында бірнеше маңызды кратерлер орналасқан, олар ерекше геологиялық құрылымдарымен танымал.

Жаманшың кратері – ең танымал және ғылыми тұрғыдан қызықты нысандардың бірі. Сонымен қатар, еліміздің аумағында тағы бірнеше метеориттік кратерлер бар, бірақ олардың біразы толық зерттелмеген. Жаманшың кратерінің өзге нысандардан ерекшелігі – оның айрықша жыныстары мен қалыптасу тарихы. Көптеген кратерлер Қазақстанның кең далаларында орналасқан және оларды зерттеу маңызды геологиялық ақпарат береді. Әрбір кратердің пайда болуы ерекше оқиғаға байланысты, бұл біздің Жер тарихына деген көзқарасымызды кеңейтеді. Зерттеушілер Қазақстандағы кратерлердің әрқайсысы туралы деректерді жинақтап, олардың жасын, құрылымын және геологиялық процестерін анықтайды. Олардың кейбірі жер бетінде көрнекті із қалдырған болса, басқалары ғасырлар бойы эрозия салдарынан өзгерістерге ұшыраған [6]. Қазақстанның кратерлері – тек ғылыми құндылық қана емес, сонымен бірге табиғи мұра. Әрбір кратер Қазақстанның табиғи тарихындағы маңызды элемент болып табылады. Осындай табиғи нысандарды сақтау болашақ ұрпақ үшін өте маңызды. Бұл кратерлердің пайда болу себептері мен олардың жергілікті экожүйеге әсері де қызықты зерттеулерге негіз бола алады. Қазақстандағы кратерлердің кейбірі халықаралық ғылыми қоғамдастықта ерекше назар аудартады. Олардың құндылығы тек ғылыммен шектелмейді, себебі олар туристік әлеуетке де ие. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында орналасқан ерекше ескерткіштердің бірі -Жаманшың метеориттік кратері [5, 85 б.]. Кратер, астрономия деген сөзді естісе жастардың көз алдына шетел елестеп, айналасына да көз салмасы айтпасақ та белгілі. Бірақ олар дәл өз Атамекенінде мұндай мұралардың бар екендігін біле ме? Бой таластырған емес, ой таластырған мына заманда өзге көршілес елдерден бұрын Қазақстан аумағында мұндай жер алғаш рет табылып, бүкіл әлемнің ерекше назарын аударған-ды. Жер шарының мойнын бұрғызған бұл ғылыми ашылуларды неліктен қоғамның жас өкілдері біле бермейді? Ендеше бұл жердің тарихына тоқталайық. Жаманшың метеорит кратері шамамен 700 мың жыл бұрын алып метеориттің құлауының нәтижесінде пайда болған [3, 47 б.]. Жер шарымыздағы теңдесі жоқ ғажайып табиғат құбылысының ізі болған бұл мекенді зерттеу жұмыстары 1937 жылы басталған болатын. Әйгілі кеңес палеоботаник-ғалымдары А.Л.Яншин мен В.А.Вахрамеевтің зерттеу жұмыстары бұл жердегі тау жыныстары палеозой дәуіріне жататындығын анықтады. Осыдан кейін Ақтөбе өңіріндегі бұл кратерге ірі зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Атап айтсақ, 1946, 1957, 1961, 1963 жылдардағы зерттеулерден кейін ғалым П.Флоренский бұл жарылыстан пайда болған үлкен ойпат екендігін толығымен дәлелдеген. Жаманшың кратері кейіннен тек өңірлік геологтардың ғана емес, дүниежүзілік ғалымдардың назарын аударды. Ғарыштан келген ауыр сокқының нәтижесінде тереңдігі 700 м, диаметрі 5,5 шақырымға созылатын алып шұңқыр пайда болған. Жарылыстан кейін ойпат төңірегіндегі қысым бірнеше килобарға дейін, ал температурасы 1700°C дейін жеткен [1, 123 б.]. Зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес кратерден тек осы аймаққа тән минералды жыныстар табылған. Қазақстанның табиғи тарихына жаңалық болған бұл кратерден импактит және тектит тәріздес тау жыныстары анықталған. Жаманшың – импактиттер мен тектиттер табылған жалғыз кратер. Бұл жыныстардың шығу тегі астероидтық және кометалық болып табылады. Алайда шығу тегі анықталғанымен бұл тастар жер бетіндегі химиялық құрамы жағынан өте жұмбақ, әрі жерден тыс ғылымға белгілі заттарға да ұқсамайды. Олар туралы ғалымдар арасында жылдар бойы шешілмей келе жатқан даулар да аз емес. Қара қою және жасыл түсті бұл тектиттермен қатар тасқа айналған ұлулар мен кораллдарды кездестіруге болады. Ғалымдар тектиттерді негізгі екі топқа бөлген екен. Табылған мекеннің атауына қарай тектиттер “жаманшыңиттер” және “ырғызиттер” деп аталған. Ырғызиттерде судың мөлшері өте жоғары болып келеді [2, 63 б.]. Зерттеулер нәтижесі жарылыс болған кездегі энергия Хиросима қаласына тасталған ядролық бомбаның энергиясына тең болған екен. Кратерді зерттеу және насихаттау жұмыстары тек басқа елдерде ғана емес, Қазақстанда ең алғаш рет ашылған Ақтөбе планетарийі Жаманшың кратерінің геологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен түсіндіруде маңызды рөл атқарды [5, 88 б.]. Мысалы планетарийде ғарыштық денелердің Жерге әсері және метеориттер туралы білім беру дәрістері ұйымдастырылып, Жаманшың секілді нысандардың пайда болу тарихы мен маңызы көрсетіледі.

Кратердің “Жаманшың” аталуы да тегін емес. Жылдар бойы бұл жерде өсімдік өспеген, тіпті жәндіктер де жолай алмаған. Ел аузындағы аңыздар бойынша жаугершілік заман кезінде мұнда қашып келген тұрғындарды қуғыншылар таба алмай жаңылған деседі. Жергілікті халық мұны жаман ырымға балап шұңқырды «Жаманшың» деп атап кеткен [1, 128 б.]. Алайда геологтар бұл жерді тарихи-табиғи құнды ескерткіш санайды. Себебі, жарылыс өткеннен кейін шамамен миллион жыл өтсе де кратер өзінің бастапқы құрылымын аса өзгертпеген. Сондықтан зерттеушілер үшін бұл аймақ жердің геологиялық өзгерістер байқау үшін өте қолайлы.

Жаманшың кратері ғылыми тұрғыдан ғана емес, экономикалық және туристік тұрғыдан да пайдалы. Оның бірегейлігі мен қайталанбас ерекшелігі көптеген туристерді өзіне тартады, бұл аймақтың экономикалық дамуына ықпал етеді. Кратерге келушілер тек ерекше геологиялық нысанды көру үшін ғана емес, сонымен қатар оның тарихымен танысу үшін де келеді. Шетелдік туристерді өңірге тарту тек Ақтөбе облысының ғана емес, еліміздің туризм саласының көркеюіне үлесін тигізбек. Алдағы уақытта бұл аймаққа туристік маршруттар құру арқылы тек кратерді ғана емес облысымызда орналасқан басқа да тарихи-мәдени кешендердің де туристік орындар ретінде қалыптасуына үлес қоса аламыз. Мәселен Ақтөбе облысында орналасқан Барқын құмы, атақты Қобыланды, Есет батыр, Асан қайғының ұлы Абат батырдың кесенелері, Оңтүстік Орал тауларының жалғасы Мұғалжар тауы және тағы басқа тарихи-табиғи кешендерді туристік маршруттарға қосу арқылы өңірдің мәдени өмірін толық қамтуға болады [4, 518 б.]. Бұл процесс тек географиялық орынды таныту мақсатында емес, еліміздің тарихынан сыр шертерлік киелі де, көрікті ескерткіштерімізді әлемге паш етуге көмектесетіні анық. Туризм бұл аймақтағы инфрақұрылымды дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, Жаманшың кратері геотуризмнің маңызды нысандарының бірі ретінде танылған. Оның аумағында арнайы экскурсиялар ұйымдастырылып, келушілерге геологиялық процестер туралы қызықты ақпарат берілсе келушілермен қатар қазақстандықтар үшін де туған жерін танып білудің тамаша бастамасы болар еді. Бұл орынның табиғи сұлулығы мен тарихи құндылығы кез-келген адамның үлкен қызығушылық тудырады сөзсіз. Аталған жоспарды орындау арқылы туризмнің арқасында жергілікті қауымдастықтарға да пайда әкеле аламыз, себебі қазіргі нарықта халыққа қызмет көрсету салалары өте көп сұраныста болып отыр. Ал, олар өз кезегінде келушілер үшін қолайлы жағдайды жасап бере алады. Бұл факторлардың барлығын мамандар сарапқа салып, нақты санға салар күннің өзінде ауыз толтырарлық пайда әкелмесе де келетін жанның “Қазақстан” туралы ойын өзгертері анық. Жаманшыңның туризмге әсері тек экономикалық табыспен шектелмейді, ол сонымен қатар геологиялық білім мен қоршаған ортаны қорғау туралы түсінікті арттырады. Жаһандағы өзегі терең, қоғам дертіне айналған экология мәселесін де шешу жолында бұл орындарды қолдана аламыз. Себебі жер шарымыздың болашақ “күтушілері” үшін экология, геология саласында сауатты болу өте маңызды. Жер планетасының эволюциясына көз жүгірту арқылы тарихи білімдерін тереңдетіп, табиғатты аялауды үйрене алмақ. Осылайша бұл нысан экологиялық туризмнің ғана емес экологиялық тәрбиенің де маңызды бөлігіне айналып, қоршаған ортаны сақтау мен экологиялық мәдениетті дамытуға септігін тигізеді. Сонымен бірге, кратердің аумағын сақтау мен қорғау табиғатты сақтаудың маңызды элементі болып табылады. Осы шаралар арқылы мұнда келген жандардың танымдық көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, Жер шарына қамқор болу, күтіп ұстау секілді мәселелердің шешімін таба аламыз.

Қорыта келе, Жаманшың-Қазақстанның ерекше геологиялық құрылымы ғана емес, ел тарихындағы өзге елге мақтана көрсетер тарихи-мәдени кешен. Оның туристік және геологиялық құрылымы еліміз үшін аса маңызды. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап-ақ бұл жерлерге ұйымдастырылған экспедициялар халықтың ғана емес зерттеушілердің де үлкен қызығушылығын тудырған. Атап айтсақ 1989 жылдың өзінде Ақтөбе өңіріне АҚШ, Канада, ГФР және Франция елдерінің ғалымдарынан құралған халықаралық экспедициялық топтар ұйымдастырылып, Жаманшың әлем назарын өзіне аударған болатын [2, 73 б.]. Түрлі экспедициялар мен зерттеу жұмыстары өңірдің өзіндік ерекшеліктерінің бар екендігін айқындап берді. Алайда бүкіл әлемнің мойнын бұрғызған мұндай кратерлердің бар екендігін білгенде жастарымыздың таң қалатындығын да жасырмауымыз қажет. Мұның барлығы бойындағы Отанға деген сезімнің бейжай қалғандығынан ба, әлде өз еліміздің тарихына қызықтыра алмауымыздан ба, беймәлім. Жеке тұлғаға қарата айтатын болсақ, бұл мәселені түйткілді дүние деп қарастыруға келмейді Бірақ жеке адам емес бүкіл қоғамның ауруы бір болып тұрған уақытта барды бар, жоқты жоқ етіп көрсету, қоғамның кемшіл тұсын айқындау өте маңызды болып отыр. “Көш жүре түзеледі” дейді. Сол секілді халықтың алға жылжуы үшін, әр қадамы нық, сенімді, өз тарих тамырынан сусындаған ұрпақ қалыптасуы қажет. Бұл сенімділік тек ел өз өткенін біліп, ғасырлар сырын ұғып сол үрдістерден сабақ ала алғанда ғана байқалмақ. Сондықтан елім дейтін ерді тәрбиелеу ең алдымен осындай кішкентай қадамдардан басталуы тиіс. Кратерді тек геологиялық-патриоттық білім беру үрдісінде ғана емес экономикалық жағынан да тиімді пайдалануға болатынына көз жеткізуге болады. Қазақстанның туризм саласының әлеуетін көтеру жолында да, сондай-ақ табиғи мұраны сақтау мен болашақ ұрпаққа насихаттауда да республикамыз үшін ерекше мұра есебінде қалмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атамекен ақпараттық танымдық жинақ. – Астана: «Palitra-press», 2018. – 144 бет
2. Age and chemical composition of the Zhamanshin crater. - Новосибирск, 1993 г., 94 стр.
3. «Ұлттық қазына»ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017
4. Тажибаева М.К. Энциклопедия «Ақтобе»— Ақтобе: Отандастар-Полиграфия, 2002. — 786 б.
5. Ескерткіш-ел тарихы. - Ақтөбе, 1992.
6. Кожаметова У.К., Таткова М.Е., Веселова Л.К. Экзоморфогенез космогенных кольцевых структур Казахстана, 2018.

## МОЙ РОД В ИСТОРИИ КАРКАРАЛИНСКА

Рүстемқызы Ұ.

Научный руководитель: д.и.н., профессор В.В. Козина  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
[ulpan.qudaibergen@mail.ru](mailto:ulpan.qudaibergen@mail.ru)  
г.Караганда

В этом году Каркаралинск отмечает свой 200-летний юбилей, который подчеркивает его значимость в истории страны. Основанный в 1824 году как военное укрепление, он стал важным центром торговли, культуры и общественной жизни региона. В течение многих десятилетий он был местом, где пересекались пути купцов,